Университеттің 55 жылдығына арналған «**Сәкен тағылымы -8»** атты Республикалық ғылыми – теориялық конференция **материалдары // Материалы** Республиканской конференции «**Сейфуллинские чтения – 8**», посвященной 55-летию университета. – 2012. – Т.1 (преподаватели и магистранты). – Б.134

ТОПЫРАҚ-СУ ЖҮЙЕСІНЕ ЖӘНЕ АДАМ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ҒАРЫШТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫҢ ӘСЕРІ, ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Бейсеева Г.Б., Қуат А., Талғатқызы Т.

Ауа райына, климатқа және қоршаған ортаға адам қызметінің әсерімен байланысты антропогендік әсер етуін бірқатар жағдайда табиғи үрдістердің ғаламдық масштабымен салыстыруға болады. Әлемдік мұхит біртіндеп ластануда, табиғи су айналымы бұзылуда, атмосфера құрамында, топырақта өзгерістер байқалуда. Осының бәрі ғарыштық кеңістіктің де біртіндеп өзгеріске ұшырап жатқандығы туралы айтуға негіз болады. Сондықтан қазірдің өзінде ғарышты игеру нәтижесінде ғарышты экологизациялау үрдісі жүруде. Екінші жағынан алғанда ғарыштық техникалардың өзі қоршаған ғарыштық ортаға да белгілі бір әсерін тигізуде.

Жұмыстың мақсаты топырақ-су жүйесіне ғарыштық қалдықтардың әсерін зерттеу.

Қазақстанда ғарыш қалдықтарының топырақ-өсімдік жүйесіне әсерін зерттеу саладасынғы жұмыстар аз. Қазақстанда «Байқоңыр» ғарыш айлағынан зымырандарды ұшырған кезде қоршаған ортаға да, адам денсаулығына да олардың әсері зор. 2011 жылы адамзаттың алғаш рет ғарышқа сапар шегіп, ғарышты игергеніне 50 жыл толды. Осы 50 жыл ішінде Қазақстан Республикасының екі азаматы да ғарышқа сапарға аттанып, ғарышты игеруге өз үлестерін қосты. Ғарышты зерттеуге арналған ғарыштық кемелер немесе істен шыққан аппаратуралардың бөлшектері жерге құлап, қоршаған ортаға және жер бетінде тіршілік етіп жатқан тірі ағзаларға зиян келтіруде. Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшырылған «Протон» зымыран тасымалдағышы апатқа ұшырап, Қазақстанның Қарағанды облысының Атасу кентінің маңына құлаған. Осы кентте тұрғындарының арасында қатерлі ісік ауруына ұшырағандар саны да көбейген. Әрине мұның өзі гептилдің әсері екені айтпаса да түсінікті. Ғалымдардың пікірінше 1 грамм гептил 1 шаршы километр ауаны уландырады екен. Осы химиялық қосылыстардың туындылары өте уытты, сондықтан адам бірден уланады. Гептил уы, әсіресе балаларда қауіпті ісік ауруын тудырады. Гептил ыдыраған кезде сениль қышқылынан да алты есе улы болады. Канцерогендік және мутагендік әсері бар. Міне сондықтан да, топырақтың, судың гептилмен ластануы экологиялық апатқа әкеледі.